

«Сүйемін туған тілді – анам тілін...» республикалық интернет-байқауы
«Замандас ертегіші» номинациясы
«Қабықта дүниеге келген бала»

Жұмыстың авторы: Аубакирова Диана Даулетқызы

СҚО. Петропавл қаласы

М.Жұмабаев атындағы Петропавл

гуманитарлық колледжінің ІІІ курс студенті

Жетекшісі: Саурбаева Салтанат Бүркітқызы

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы

электронды адрес: saurbaeva.saltanat@list.ru

байланыс тел: 87010771364

Баяғы өткен заманда кішкентай лашық үйде есімі белгісіз бір бала өмір сүріпті. Ол баланың ата-анасы болмаған. Баланы сәби кезінде бір адам тауып алып, ағаштың қабығына салып, сол ауылға тастап кеткен екен. Ауыл адамдары жетім баланы жақтырмапты. Өйткені ол ұрлықшы, әрі өтірікті көп айтатын бала боп өсіпті. Ауыл тұрғындары әлгі баланы әр түрлі атпен атайды екен.

Күннің бір күнінде сол ауылға ауқатты бір қарт адам келіп қоныстанады. Бұны естіген бала сол адамды алдап ақшасын қалай ұрлау керектігін ойластырады. Келесі күні ұрлықшы атанған бала ауқатты адамның үйіне келіп, оны әңгімеге тартады. Бала:

- Ассалаумалейкум байеке! Сізді ауылға көшіп келді деп естіп, танысып білісіп амандығыңызды сұрайын деп әдейі келдім – дейді.
- Е, балам, аманбысың! Мұның жараған екен. Төрге шық. – дейді үй иесі.
- Ел-жұртыңыз аман-есен бе? – деп сөйлей бала үйге кіріп, төрге жайғасады.

Біраз үнсіздіктен кейін баланың басынан-аяқ көз шалып қарап шыққан қарт адам баланы әңгімеге тартады:

- Мен білсем, сен мені емес менің байлығымды көруге келген сияқтысың. Бірақ сенің іздеп келген байлығым менің қасымда емес... - дейді.

Бала қарт адамның не айтқанын түсінбей одан қорқа бастайды. Сонда да қорыққанын білдірмей әр нәрсенің басын шала әңгімесін жалғастырып, байдың қасына жақындап, сөзге тарта қалтасынан білдіртпей әмиянын алады. Мұны сезген адам баланың қолынан шап беріп ұстап алып тоқтатады.

- Балам, мұның не? Амандығымды білем деп кеп, сен неге ұрлық жасайсың? Бұл сенің әдетке айналдырған кәсібің екенін естіп жүруші едім, енді, міне, осының бәріне көзім жетіп отыр. Одан да бұл ісінді қойып, дұрыс өмір сүруді үйрен. Еліңе, жұртыңа сыйлы, қадірлі бай адам болам десең басқа кәсіп үйрен – дейді қарт.

Сонда бала мұңын шаға жөнеледі:

- Мен ұрлық жасап, осылай күнімді көремін. Қолымнан басқа еш нәрсе келмейді. Менің ешкімім жоқ. Басқаша қалай қалай өмір сүрмекпін?

Үй иесі баланы мұқият тыңдап оған былай дейді:

- Мен саған дұрыс жол таңдап өмір сүрудің жолын айтайын. Саған үш тапсырмам бар. Осы тапсырмаларды орындасаң, өзің-ақ жақсы өмір сүре бастайсың. Бірініші: Сен мына таяқтардан жасалған құпия әріптерді жазатын зат тауып ал. Екінші – құпия әріптердің сырын өзің үйрен. Ол үшін бұл әріптерден басталатын сөздерді тауып, жина.

Бала қарт адамның айтқынын тыңдап бірден жолға шығады. Орманға келіп ағаштарды аралап, бұталарын кесіп, қабықтарын сыпырып, жонып алады. Жонып алған қабықтарға әріптерді тізіп, орман ішінде, жолда кездескен

заттардың атауларын жазып, қоржынына жинай береді. Солай арада бірнеше күн, ай, жылдар өткеннен кейін ауылға қайтып кеп, әлгі байдың үйіне барады.

- Байеке, мен сіздің тапсырмаларыңызды орындадым. Бірінші мына әріптермен ағаштың қабығына жаздым, екіншісі осы әріптерді мен заттармен салыстыра отырып, атадым. Мысалы: Жолда кетіп бара жатып ағашты көрдім, бұл дегеніміз –«А» әріпі, келесі күні ол ағаштан бұта жасадым, бұл дегеніміз «Б» әріпі, әріп дегеніміздің өзі «Ә» әрпі деп мысалдар келітіріп сайрай жөнеледі.

Бай баланың еңбекқорлығына, талпынысына риза болып балаға:

- Жарайсың, балам! Айтқандарымның барлығын бұлжытпай орындаған екенсің. Сен әріптерді жазып та, айтып та үйренген екенсің. Талабың, зеректігің байқалып тұр. Енді саған берер үшінші тапсырмам бар. Осы білген, түйгеніңмен елмен, халықпен бөліс. Сонда сен жұртыңа қадірлі, әрі сыйлы боп ауқатты адамдардың қатарында өмір кешесің. Сен осы бар біліміңмен халқыңмен бөліссең, сенен артық бай адам болмайды – дейді.

Бала ойланбастан келісіп, ризашылығын білдіріп, ауыл адамдарымен кездесуге кетеді. Арада бірнеше ай, жылдар өтеді. Бала ер жетеді. Білімді баланы ауыл адамдары, көрші ел халықтары сыйлай, құрметтей бастайды.

Бір күні осы күнге жеткені үшін, өзіне дұрыс жол көрсеткен қартқа барып алғысын айтайын деп іздеп келсе, дана қарт көз жұмған екен. Дана қарт балаға үстел үстінде өзі тауып әкеліп беріп кеткен ағаштың қабығына жазып соңғы аманатын қалдырыпты. Онда былай делінген екен: «Балам, сен дүниеге келгенде мен сені дәл осы ағаштың қабығында тауып алып едім. Кіп-кішкентай нәрестенің өмір сүруге, білімге деген құлшынысын сол кездеен-ақ байқағанмын. Сенің білімді адам болатынына, оқыған-білгеніңмен дүйім жұртты таңқалдыратыңа сенген едім. Енді сен түсінген шығарсың?!

Осыны оқыған бала: «Байеке, мен енді бәрін де түсіндім. Білімдіден ақыл шығар, ақылды қарттан нақыл шығар» -деп көзіне жас алыпты.